

# Оңтүстік Америка







Оңтүстік Америка – батыс жарты шардың оңтүстігіндегі құрлық. Жерінің аумағы (аралдарымен қоса есептегенде) 18,3 млн. км<sup>2</sup>.

Халқы -340 млн. Адам (2000). Солтүстіктен оңтүстікке қарай 7150 км-ге, батыстан шығысқа қарай 5150 км-ге созылған.



Құрлықтың солтүстіктен Кариб теңізімен, батысын Тынық мұхиты, шығысын Атлант мұхиты, оңтүстіктен Магеллан, Дрейк бұғаздарының суы шайып жатыр. Солтүстік-батысында жіңішке Панама мойнағы арқылы Орталық және Солтүстік Америкамен жалғасады. Ең биік жері – Аконкагуа (6960 м). Теңіз деңгейінен ең төмен жатқан жері – Вальдес ойысы (–40 м). Оңтүстік Америкадағы ең ұзын өзен жүйесі – Амазонка (Мараньон саласымен коса есептегенде –



Амазонка өзені – Жер шарындағы ең мол сулы және су жинау алабы өте үлкен өзен.  
Оның жылдық ағыны  $7000 \text{ км}^3$ , су жинау алабының ауданы  $7 \text{ млн км}^2$  асады.







Материктің  
солтүстігінд  
е дүние  
жүзіндегі ең  
биік  
сарқырама  
– *Анхель*  
орналасқан,  
ол 1054  
метр  
биіктіктен  
құлап  
ағады.





Анд тауларында дүние жүзіндегі биік тау көлдерінің ең ірісі – Титикака орналасқан. Теңіз деңгейінен 3812 метр биіктіктегі бұл көлдің ауданы 8300 км<sup>2</sup>, тереңдігі 304 метр.

Материкте дүние жүзіндегі ең биік сөнбеген жанартау – биіктігі 6880 м болатын Охос-дель-Саладо жанартауы орналасқан. Оңтүстік Америка – Жер шарындағы ең ылғалды және ең жасыл материк: жерінің тең жартысына жуығын ормандар алып жатыр.





Материктегі аса ірі тау жүйесі – Анд таулары дүние жүзіндегі ең ұзын тау болып табылады. Ұзындығы 9000 км-ден асатын Анд Солтүстік Америкадағы Кордильераның жалғасы болып табылады. Оңтүстік Американың теңіз деңгейінен ең биік нүктесі – Аконкагуа (6960 м)





Цифры на карте обозначены:  
 1. Суши  
 2. Демократическая Республика  
 3. Монархия  
 4. Свободные территории

Масштаб 1:30 000 000 (в 1 см 300 км)  
 0 300 600 900 1200 1500 км

Мемлекет және территориясы	Ауданы (км <sup>2</sup> )	Халқы 1 маусым 2008	Халық тығыздығы (км <sup>2</sup> -қа)
Аргентина	2 766 890	40 677 348	14,3
Боливия	1 098 580	8 857 870	8,1
Бразилия	8 514 877	191 908 598	22,0
Венесуэла	912 050	26 414 815	27,8
Гайана	214 970	770 794	3,6
Колумбия	1 138 910	45 013 674	37,7
Парагвай	406 750	6 347 884	15,6
Перу	1 285 220	27 925 628	21,7
Суринам	163 270	438 144	2,7
Уругвай	176 220	3 477 778	19,4
Фолкленд аралдары	12 173	2 967	0,24
Француз Гвианасы	91 000	209 000	2,1
Чили	756 950	16 454 143	21,1
Эквадор	283 560	13 927 650	47,1
Оңтүстік Георгия және Южные Сандвичевы аралдары	3 093	20	0
<b>Барлығы</b>	<b>17 824 513</b>	<b>382 426 293</b>	<b>21,5</b>





Название изображения: South America\_011.jpg

Оңтүстік Американың саяси картасы 12 егеменді мемлекет пен Франция иелігіндегі Гвиана мемлекеті және Ұлыбритания мен Аргентина иелігіндегі даулы аумақтар болып есептелетін Фолкленд (Мальвин) аралдарынан тұрады. Мемлекеттердің барлығы дерлік құрылымы жағынан – республика, оның ішінде Аргентина, Бразилия мен Венесуэла – федерациялар республикалар. Халықтың орташа тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-ге 100 адамнан артық. Үрбандалу дәрежесі өте жоғары, құрлықта 3 ірі агломерация: Сан-Паулу, Рио-де-Жанейро, Буэнос-Айрес түзілген. Оңтүстік Америка Орталық Америка және Вест-Индия елдерімен бірге тілдік-тарихи ерекшеліктеріне байланысты Латын Америкасы елдері деп аталады. Индустрияландыру деңгейі жөнінен бұл елдер Азия мен Африка елдерінен әлдеқайда алда тұр.





Тілі	Адам саны
<u>испан тілі</u>	233.600.108
<u>португал тілі</u>	191.480.630
<u>ағылшын тілі</u>	800.000
<u>голланд тілі</u>	510.000
<u>француз тілі</u>	230.000

Оңтүстік Америка мемлекеттерінің арасында ең көп қолданылатын бірнеше тіл бар





Жануарлар дүниесі алуан түрлілігімен және эндемизм дәрежесінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Орталық Америкамен бірге Неотропиктік фауналық облысқа біріктіріледі. Сүт қоректілерден қалталы тышқандардың 70-тен астам түрі, құмырсқа жегіштің 3 түрі, сауыттылардың 20-дан астам түрі, жалқау аңның 5 түрі, приматтар және ірі жыртқыштардан: қабылан, шибөрі, оцелот, пампа мысығы, пума, көзілдірікті аю, жалды қасқыр, т.б. тіршілік етеді. Тұяқтылардан тапирдің 3 түрі, пекари, амазона бұғысы кездеседі.





. Андтың биік бөліктерін терісі өте бағалы аң – шиншилла мен америкалық өркешсіз түйе – ламаның екі түрі (гуанако және викунья) мекендейді. Құстардың 2,5 мыңнан аса түрі бар, оның 90%-ынан астамы эндемиктер. Әсіресе, басқа ешбір жерде кездеспейтін нанду, ара, тинаму, кондор, колибри (500 түрі бар), туқан, гоацин, т.б. бар. Жәндіктер, қосмекенділер және бауырымен жорғалаушылар да алуан түрлі. Галапагос аралдарының піл-тасбақалары (салм. 200 кг), анаконда (ұз. 11 м), саламандра, аяқсыз амфибиялар, игуана, боа, кайман соған дәлел. Мұнда кездесетін жәндіктердің 5600-ден астам түрінің 3400-ге жуығы эндемиктер. Тірі табиғат байлықтарын қорғау мен сақтау мақсатында Оңтүстік Америкада көптеген экологиялық және биологиялық [резерваттар](#) мен [мұлттық саябақтар](#) құрылды.





Құрлықтың топырақ-өсімдік жамылғысының қалыптасуы мен таралуы ең алдымен ылғалдану дәрежесіне тәуелді. Ұзақ уақыт құрлық жеке дара дамыған, органикалық дүниенің эндемизмі өте жоғары. Флоралық құрамы жағынан құрлықтың көпшілік бөлігі Неотропиктік, қиыр оңтүстік Голантарктикалық әлемге

. Қазіргі флора бір кездегі Гондвана құрлығындағы ежелгі қоңыржай флора қалдығы мен неотропиктік флора өкілдерінің араласуынан қалыптасқан. Өсімдік түрлерінің 75%-ы эндемиктерге жатады. Олардың ішінен оңтүстік мәңгі жасыл шамшаты, бал пальмасы, чили араукарийі ерекше көзге түседі. Өсімдік жамылғысының таралуында белдемділік айқын байқалады. Құрлықтың көпшілік бөлігін құрамы мен аумағы жөнінен дүние жүзінде теңдесі жоқ ылғалды тропиктік орман алып жатыр. Орман өте тығыз, тек қана ағаштың 4000-ға жуық түрі бар, ағаштары бірнеше қабатты болып келеді, биіктігі 80 м, кейде 100 м-ге дейін жетеді. Оларға шарап пальмасы, алып сейба, жакаранпа, пау-бразил, гуаякан,





1498 ж. Х.Колумб  
Оңтүстік Америка  
жағалауындағы Ориноко  
өзенінің атырауы, Пария  
шығанағы мен түбегі  
маңына келіп тоқтаған.  
Америго Веспуччи  
қатысқан португал  
экспедициясы 1501 –  
1502 ж. құрлықтың солт.  
жағалауымен жүзіп,  
оның құрлық екендігін  
дәлелдеген. 1507 ж.  
Лотарингия географы  
М.Вальдземюллер  
Веспуччи құрметіне  
оңтүстік құрлықты  
Америка деп атаған,  
кейіннен 1541 ж. бұл  
атау батыстағы екі  
құрлыққа да берілді.





1515 жылдың соңында испандық Х.Д. Солис Оңтүстік Американың шығыс жағалауын жүзіп өтіп, 1516 ж. Ла-Платаны, кейіннен Уругвай мен Парана өзендерінің төменгі ағысын ашты. 1520 ж. Ф. Магеллан басқарған испан экспедициясы Ла-Платадан Патагонияға дейін жүзіп, Патагония (Магеллан) бұғазы арқылы Тынық мұхитына өтті. Құрлықтың Тынық мұхит жағалауын 1522 – 1558 ж. испандықтар ашты. Оңтүстік Америка табиғатының ғылыми тұрғыдан зерттелуі 1735 – 1743 жылдар аралығында жүргізілген француз және испан Экваторлық

















